



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

03.03.2023 №

02.02.2023ж.

558дс

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаты
Б.С. Орынбековке**

«Қаратау» ААҚ бұрынғы
жұмысшыларының төлемдеріне қатысты

Құрметті Бекбол Серікбекұлы!

Бас прокуратура Жамбыл облысындағы «Қаратау» ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Қаратау» ААҚ) бұрынғы қызметкерлеріне ай сайынғы төлемдерді қайта есептеуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен уәкілетті органдардың қатысуымен (БП, ЖС, ҚМ, ӘМ және Жамбыл облысының әкімдігі) 2019 жылы арнайы жұмыс тобы құрылып, кредиторлардың санын, олардың орналасқан жерін және капиталдандырылған сомалардың мөлшерін анықтау бойынша жұмыс жүргізді.

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде Сот сараптамасы орталығы сараптамалық қорытынды дайындап, арнайы жұмыс тобы істің барлық мән-жайын қарап, бірінші кезектегі кредиторларға сотқа жүгінуді ұсынды.

Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 5 шілдедегі қаулыларымен С. Серікбаевтың және басқалардың «Қаратау» банкроттықты басқарушысы Б.К. Смағұловтың шешімінің күшін жою туралы заңнама талаптарын ескере отырып, бірінші кезектегі кредиторларға ай сайынғы төлемдер жүргізу міндеттемесі туралы талабы толық көлемде қанағаттандырылды.

Банкроттықты басқарушының бірінші кезектегі кредиторлардың ай сайынғы төлемдерінің ұлғаюымен мәлімделген талаптарды мойындамау туралы шешімі жойылды.

«Қаратау» ААҚ банкроттықты басқарушысы Б.К. Смағұловқа бірінші кезектегі кредиторлардың ай сайынғы төлемдерінің талаптарын тану және жоғарыда аталған тұлғалардың бірінші кезектегі кредиторларына жылдық инфляцияның болжамды

деңгейі негізінде капиталдандырылған сомалардың қалдығын төлеу міндеті жүктелген.

Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 5 тамыздағы ұйғарымымен «Қаратау» ААҚ банкроттық басқарушысы Б.К. Смағұлов Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 28 маусымдағы қаулысында көрсетілген Жамбыл облысы бойынша сараптама институтының сарапшылары есептеген әрбір бірінші кезектегі кредитордың төленбеген сомасының қалдығын кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізуге міндетті екендігі түсіндірілді.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 1-бабының 1, 3-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ. Сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды. Сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті.

«Қаратау» ААҚ бұрынғы қызметкерлеріне ай сайынғы төлемдерді қайта есептеу мәселелеріне жоғарыда аталған заңды күшіне енген сот актілерімен құқықтық баға берілді, олар барлық мемлекеттік органдар үшін, оның ішінде прокуратура органдары үшін міндетті.

Сондықтан банкроттықты басқарушы осы сот актілерін орындауға қажет болған жағдайда, оларды түсіндіру үшін Жамбыл облыстық сотына жүгінуге құқылы.

«Қаратау» ААҚ-ның бұрынғы қызметкерлері банкроттықты басқарушының қандай да бір әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келіспеген жағдайда, олар өз талаптарының негіздемесіне дәлелді уәждер келтіре отырып, оның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану туралы сотқа талап арызбен жүгінуге құқылы.

Сондай-ақ банкроттықты басқарушы кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастырды, ол а.ж. 27 қаңтарда Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің интернет-ресурсында орналастырылды және «Қаратау» ААҚ бұрынғы қызметкерлеріне жолданды.

Алайда «Қаратау» ААҚ бұрынғы қызметкерлері а.ж. 6 ақпанда Жамбыл облысы бойынша Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жүргізілген есеппен келіспеу туралы талап арыз берді

Болашақта капиталдандырылған сомаларды индекстеуді есептеу мәселесі тек сот тәртібімен қаралуы мүмкін.

Жалпы, аталған мәселе прокуратура органдарының тұрақты бақылауында.

Құрметпен,

Б. Асыллов